



ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 32/676
07 августа 2020 года

Вестник

Новости

Ұмытуға болмайды

ТОКАЕВ ПОРУЧИЛ ЗАЩИТИТЬ КАЗАХСТАНЦЕВ, НАХОДЯЩИХСЯ В ЛИВАНЕ

Глава государства Касым-Жомарт Токаев дал поручение обеспечить безопасность казахстанцев, находящихся в Ливане, в связи со взрывом в Бейруте. Об этом сообщил министр иностранных дел РК Мухтар Тлеуберди, передает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу ведомства.

граждан, находящихся в Ливане. В настоящее время на консульском учете в Ливане состоят 113 граждан Казахстана. Наши дипломаты с ними на связи, среди них пострадавших не имеется. Как вы знаете, офису дипломатической миссии нанесен ущерб, он будет восстановлен. Наши сотрудники и члены их семей не



Напомним, 4 августа в порту города Бейрут прогремел мощный взрыв. В результате инцидента погибли не менее 78 человек. Местные власти назвали причиной взрыва ненадлежащее хранение в порту 2750 тонн аммиачной селитры.

"Нанесен ущерб городской инфраструктуре, есть человеческие жертвы. По получению информации о взрыве наш Президент Касым-Жомарт Токаев дал Министерству иностранных дел поручение обеспечить безопасность казахстанских

пострадали", – сообщил Тлеуберди.

По его словам, в Ливане также находится миротворческий контингент ООН, в составе которого 120 казахстанских воинов.

"Сейчас как раз проходит процесс их ротации, так как буквально позавчера наши миротворцы прибыли на место. Они добрались до места дислокации в здравии и сохранности", – дополнил Тлеуберди.

Источник: www.kazpravda.kz

6 ТАМЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

06 тамыз бүкіл әлемде ядролық қаруға қарсы күн, деп хабарлайды Egemen.kz.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ-та атом бомбасының құрылуы адамзат өміріндегі жаңа кезеңнің басталуын белгіледі. Осыдан кейін ешкім жаңа қарудың жойқын күшінен және оның қорқынышты салдарларынан сақтандырыла алмады. Сонымен 1945

ленуге ұшырады. Атом бомбасының құрбандары жыл сайын радиациялық аурудың салдарынан өсе берді. Жапония тұрғыны Коко Кондо: "Жарылыс болған кезде мен кішкентай қыз едім. Осы күнге дейін оны ұмыту мүмкін емес. Сол кезде мен үйде болғаным есімде. Қорқыныштан мен көзімді жұмып алдым. Көзімді ашқан кезде барлық жер қара түтін болды. Бомба жүздеген адамның



жылдың 6 та-мыздында америкалық авиация Жапонияның Хирасима қаласын атом бомбасымен бомбалаған еді. Қаза тапқандар туралы нақты деректер әлі жоқ. Алайда сарапшылардың бағалауы бойынша 300 мыңға жуық адам бомбалаудың құрбаны болды. Ал тағы 200 мыңға жуық адам радиоактивті сәулеленуінен қайтыс болды.

өмірін қиды. Бомбадан кейін көбісі одан ауыра бастады. Мен және менің халқымның бастан кешкендерін, басқаның басына тілемес едім", дейді Хирасима оқиғасының куәгері.

Декер-көз: www.egemen.kz

COVID-2019

Даже там, где условия позволяют вернуть детей в учебные заведения, открывая школы, необходимо принимать меры предосторожности, чтобы предотвратить новые вспышки. Об этом заявили эксперты ВОЗ, передает Kazpravda.kz со ссылкой на News.un.org.

Сообщается, что эксперты ВОЗ постоянно находятся на связи с учеными со всего мира, исследующими новый коронавирус. Согласно поступающим данным, главным источником инфекции является больной человек. Степень риска заражения зависит от двух факторов – физической близости и длительности контакта: чем дольше общение, тем выше риск заразиться. Если больной человек носит маску, он представляет меньше опасности для окружающих.

"Естественно, что люди стремятся вернуться к нормальной жизни, и мы хотим, чтобы молодежь могла снова посещать, скажем, спортивные игры, но не забывайте, пожалуйста, о физической дистанции – только так вы можете предотвратить распространение инфекции", – подчеркнула технический эксперт ВОЗ Мария Ван Керкхове.

Эксперты ВОЗ напомнили о вспышках инфекции, когда заболевает несколько человек, находившихся в тесном контакте, например, в ресторане или в баре. Молодежь часто заражается в барах и ресторанах, а дети, соответственно, в детских садах и летних лагерях.

ОБ ОТКРЫТИИ ШКОЛ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ ВЫСКАЗАЛИСЬ ЭКСПЕРТЫ ВОЗ

"Дети младшего возраста переносят болезнь, как правило, в более легкой форме, но некоторые все же болеют очень тяжело, особенно те, кто

менее подвержены заражению и не являются, судя по всему, активными переносчиками инфекции, тогда как дети постарше "более активно участвуют в



страдает сопутствующими заболеваниями", – отметил эксперт ВОЗ Майк Райан.

По его словам, таких детей следует особенно защищать от инфекции.

Кроме того, как подчеркнули эксперты ООН, дети младшего возраста в целом

распространении болезни". Эти данные крайне актуальны сегодня, когда власти во многих странах мира намерены открыть школы.

"Мы все хотим, чтобы школы открылись, а дети могли вернуться за парты", – подчеркнули представители

ВОЗ.

Они напомнили, что школа – это не просто место, где дети получают знания, для многих несовершеннолетних это возможность избежать эксплуатации и защититься от насилия.

"Школы можно открывать там, где распространение вируса удалось взять под контроль, я говорю не о полном отсутствии инфекции, а о возможности контролировать ситуацию", – подчеркнул Майк Райан. – Однако там, где COVID-19 распространяется бесконтрольно, ситуация значительно ухудшится, если открыть школы".

Но даже там, где условия позволяют вернуть детей в учебные заведения, открывая школы, необходимо принимать меры предосторожности, чтобы предотвратить новые вспышки. При этом дети с сопутствующими заболеваниями нуждаются в дополнительной защите. Майк Райан призвал родителей таких детей принять во внимание всю имеющуюся информацию прежде, чем посылать ребенка в школу, в том числе площадь школьных помещений, количество учеников и эпидемиологическую ситуацию в данной местности.

Источник: www.kazpravda.kz

АБАЙ КҮНІ

Бұл мерейлі күнді ұлт ретінде ұзақ күткеніміз рас. Өшкені жанып, өлгені тірілген қазақ ұлысының ұлықтар құндылықтары, әрине көп. Соның ішінде Алаш баласының рухани құбыласы – Абай құбылысын ерекше құрметтеу баршамызға бұлжымас парыз.




175



Абай күні – қазақтың ізгілік пен өркениет өріне басқан тағы да бір қайырлы қадамы!

Хакімге халықтық құрмет Мекемтас Мырзахметов, филология ғылымдарының докторы, профессор:



– Күні кеше жарияланған Үкіметтің қаулысында ресми бекітілі. Біз бұл күнді ұзақ күттік. Әділдіктің салтанат құратынына сендік. Тірісінде ақиқатты, әділдікті жақтап, ғылымды ту көтерген, соңына жақұт-

тай жарқыраған қазына қалдырған жанға қатысты дүниелердің ешқайсысына біз немқұрайлы қарамауымыз керек. Бұл тұрғыдан келгенде қоғамда оның туған күніне қатысты екіұдай пікірдің болуы, екі түрлі датаның аталуы бізді қынжылтатын. Неге десеніз, ұлы ақынның туған күні 10 тамыз екені айдан анық, еш талассыз шындық. Аға сұлтан Құнанбайдың анкетасында балалары туралы мәліметтер көрсетіледі. Сол жерде Абайдың туған күні деп 10 тамыз жазылған. Одан Семейге саяси қуғынға ұшырағандар келгені белгілі. Олардың пікірлері де мұны қуаттайды. Абайдың 1845 жылы, 10 тамыз күні Ералы жазығында туғаны айқын. Ол кезде Семей халқы көшіп-қонып жүрді. Олардың бір жерге отырықтануы өткен ғасырда ғана жүзеге асты. Шортанбай ақынның айтатыны бар ғой: «Әуелі бастан ханды алды, Қамалып қазақ сандалды», деп. 1822 жылы хандық жүйе жойылған соң орыс губерниялары құрыла бастады. Олардың мақсаты белгілі еді. Әрине бұл ұзақ әңгіме. Біздің айтпағымыз, Абай сол тұста өмірге келді. Ұлы ақын өмірден өткен соң кеңестік саяси жүйенің ықпалымен қоғамдық-саяси көзқарастарынан бастап өмірбаянына дейін өзгертілді. Осы күні аталып жүрген 23 тамыз қайдан шықты дегенге келсек, орыстарда ескі жыл мен жаңа жыл санауда 13 күндік айырма бар. Сол себепті ақынның туған күніне 13 күн қосылған. Бірақ бұлай жасауға болмайды. Оны кезінде біз жазғанбыз. Әрине, бұл жерде ақынның биографиясына терең бойламағанымды айта кеткен жөн. Мен көбінде оның рухани қазынасын зерттедім. Әуезов «Абайдың батысынан шығысы басым», деген пікірде болған. Мен негізінен Абайдың шығысын зерттедім. Енді кешігіп болса да, ұлы ақынның туған күні ретінде 10 тамыздың бекігені құптарлық іс болды деп ойлаймын. Бұл сөзсіз солай болуы қажет нәрсе.

Арымыз да, барымыз да – ұлы Абай!

Ұлықбек Есдәулет, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

– Абай – өз шығармаларымен қазақ халқының ақыл-ой, жан-жүрек қазынасын ғаламат байытқан дана ақын ретінде әлемдік өркениеттен ойып орын алған ренессанстық тұлға. Ұлы Абай сол биікке өзімен қоса туған ұлттың да өрлетіп, төрлетіп отыр. Темірқазығымыз, шамшырағымыз ұлы хакім екенін бүгінгі ұрпақ бағамдап қалды. Биыл Президент ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай, Абай жылын жариялап, елімізде қыруар шаралар өткізу көзделіп, қолға алына

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл

бастаған болатын. Алайда бүкіл әлемді бір қауызға сыйғызған пандемия індеті мерейтойдың да жолын кесті. Соған қарамастан елімізде онлайн режимде Абай туындылары оқылып, жатталып, талданып, зерттеліп, насихатталып жатыр. Тіпті халықаралық видеоконференциялар да жүргізілуде. Мен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы атынан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Абайдың туған күні 10 тамызды Абай күні деп атап, ұлттық мерекеге айналдыру туралы ұсыныс хат жазған болатынмын. Сол бастамамызды Мемлекет басшысы қолдап, Үкіметке тапсырма берген екен. Міне, көптен күткен қаулы шығып, Абай күні бүкілхалықтық, ұлттық мереке ретінде күнтізбеге еніп отыр. Тарихи оқиға! Ұлкен қуаныш! Бұл поэзия мәртебесі, бұл қазақ тілінің салтанаты деп білемін. Шетелде тұратын кейбір қарауыз қандасымыз «Абай деген ақын өмірде болмаған аңыз адам екен. Оны Бөкейханов бастаған алашордашылар өз идеясын тарату үшін ойлап тапқан мыс» деген де арам ойлы лақап таратып, оны жақтаушылар да құйысқанға қыстырылып



жатқан кезде, Мемлекет басшысының бұл шешімінен кейін сол арамза ауыздарға құм құйылатын болды. Еркін ойлы Алаш қайраткерлеріне қуат берген Абай, алапат атом жарылыстарының зардабымен күресте қалың еліне дем берген Абай, тәуелсіздік үшін күресте де, тәуелсіздік тұсында да жұртына бағыт-бағдар, қайрат-жігер берген Абай қазіргі індеттен арпалысып күйзелген халқын өз рухымен жебеп, жырымен емдейтін құдіретке ие. Абай күні, Абай мерекесі құтты болсын!

Декер-көз: www.egemen.kz, Мирас АСАН

Ынтымақтастық пен ауызбіршілік

Елімізде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің бірлікте өмір сүруі – татулықтың нәтижесі. Мемлекетіміз ешкімді тілі мен дініне қарап бөлместен, барлық азаматтарға тең құқылы мүмкіндік беру арқылы ішкі және сыртқы тұрақтылықты сақтап келеді. Бұл ынтымақтастық пен ауызбіршілік елдегі Ата заң арқылы қамтамасыз етілген.

Осы орайда, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы мемлекет екенін бекітіп, мемлекет пен діннің ара-қатынасын реттейтін зайырлылық қағидаттарына сүйенетінін айқындады. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Қазіргі уақытта зайырлылық турасында көптеген анықтамалар мен түсініктер қалыптасқан. Соның бірі, зайырлылық – барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болуы деген мағынаны білдіреді. Қазақстан мемлекет ретінде жалпыұлттық тұрғыда қабылдаған ел Конституциясы мен заңдарына сүйеніп қызмет атқарады. Сәйкесінше, діни талаптар мен ережелер, діни бірлестіктердің құжаттары біздің елімізде құқық негізі

болып есептелмейді және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне әсер ете алмайды.

Мемлекет заңнамаларының қандай да бір діни нормалармен байланысы болмаса да, заң діни нормалардың жалпы адами және гуманитарлық бағыт-бағдарын ескереді. Қазақстанда қандай да бір діни соттың құзыреті мойындалмайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, зайырлылық дегеніміз Қазақстандағы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі принциптері болып табылады. Ал, мұндай республикадағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас зайырлы заңдар негізінде жүзеге асырылады. Қазақстанда тіркеуден өткен діни бірлестіктердің, азаматтардың ұстанатын дініне қарамастан, құқықтарының теңдігі қамтамасыз етілген.

Ел Конституциясы кез келген адамның діни сенім еркіндігінің кепілі бола алады, сондай-ақ, конфессиялық белгілер бойынша кез келген бөлінушілікке қарсы. Осы тұста 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының кіріспе сөзінде «Қазақстан халқы мәдени және рухани өмірінің дамуында Қазақстан халқының рухани мұрасымен біте қайнасақ исламның ханафилік бағыты мен православиелік христиан дінінің тарихи рөлін мойын-

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ - ТАРИХИ ТАҢДАУЫМЫЗ

дайды» деп жазылғанын айта кету керек. Сонымен бірге, бұл тек осы конфессиялардың ел үшін мәдени маңыздылығын ғана білдіреді және діни бірлестіктер құқықтарының теңдігіне шек келтірмейді, себебі заң оларға қандай да болмасын құқықтық немесе қаржылай артықшылық бермейді.

Еліміздің мемлекеттік білім және тәрбие беру жүйесінің сипаты да зайырлы екенін және оның діни білім беру жүйесінен ажыратылғандығын айтып кеткен жөн. Осы тұрғыдан зайырлылық ұғымы – білім беру мекемелерінде белгілі бір дінді насихаттауға қарсы дегенді білдіреді. Дінді насихаттау құқығы тек республикалық немесе аймақтық мәртебесі бар діни бірлестіктің құзыретінде ғана.

Кез келген Қазақстан азаматы үшін діни бірлестіктердің адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзуға, соның ішінде адамды дін ұстануға күштеуге, неке бұзуға немесе туыстық қарым-қатынасты тоқтатуға, денсаулығына нұқсан келтіруге және мүлкінен айыруға, руханилығына тіл тигізуге, сонымен қатар, Конституция мен заңнамаларда көрсетілген міндеттерін орындаудан бас тартқызуға құқығы жоқ екенін білу қажет. Керісінше, мемлекет діндар адамды Қазақстанның толық құқылы азаматы, ал діни бірлестіктерді мәдени, әлеуметтік маңызды қызметті жүзеге асырушы негіз

ретінде танып, қарым-қатынас орнатуға талпыныс жасайды.

Мемлекет діни бірлестіктермен қоғамдағы келісім, өзара түсіністік, төзімділік пен құрмет тұрғысынан да байланыс орнатады. Діни бірлестіктер Қазақстан халқының дәстүрлі діни құндылықтарын сақтау мен дамыту бағытында қоғамдық маңызды іс-шараларды өткізуге қатысады. Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, мемлекеттің зайырлылық сипаты – бұл Қазақстанның табысты дамуының басты негізі.

Рухани және діни құндылықтар – мемлекет өмірінің барлық салаларының дамуы мен жалпы көркеюін тежейтін емес, керісінше арттыратын жарқын болашақ.

Бұл – шарықтауға, білім алып, өзін-өзі дамытуға жетелейтін, адам құқықтарын сақтау мен елдің демократиялық келешегін білдіретін зайырлылық. Демек, «зайырлылық» ұғымын мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын реттейтін, қоғам тұрақтылығы үшін ең басты құндылық болып табылатын ұстаным деп қабылдаған жөн.

Гүлмира Оспан,
ҚР ДІАҚМ ДІК Дін мәселелері
жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау
орталығының ғылыми қызметкері.

АРХИВ – АЛТЫН ҚОРЫМЫЗ

Тамыз айының 8-жұлдызында «Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің өз жұмысын бастағанына ширек ғасыр, яғни 25 жыл толады. Осынау мерейтой қарсаңында осы мекеменің басшысы Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесовпен сұқбаттасқан едік. Осы сұқбатты оқырмандар назарына ұсынамыз.



Тілші: Жолмұрат Кеңесұлы, сұқбатымыздың бiссiмiлiасын архив туралы тусiнiк беруден бастасак.

Ж.Кеңесұлы: Орынды сұрақ. Ел тарихындағы жеңістер мен жеңілістер, жетістіктер мен кәсіптіктер, этностардың тұрмысы мен мәдениеті, еліміздің егемендік алуы – бәрі-бәрі айғақтайтын дереккөздер және толып жатқан мағлұматтар тек осы архивте ғана сақталады. Сондықтан архив ісі – біздің қоғам өмірінің айнасы және ажырамас бөлігі. Архив, бұл тарихтың бұлжымас бірден-бір куәгері. Бүгінде ұлттық тарихымызды ұйыттар мәйек іздесек те, ұлы дала тарихын ұрандатар дәйек іздесек те тоғысар жеріміз осы архив. Архив – кез-келген халықтың рухани-мәдени өмірінен сыр шертетін деректі шежіре, бүкіл болмысымен бүгінгі және етенгі күнге абыройлы қызмет ететін, ел игілігіне, келер ұрпақтың мүддесі үшін кәдеге жарайтын мәңгілік таусылмас қазына.

Тілші: Ал, енді қаламыздағы мемлекеттік архивінің құрылу кезеңіне тоқтасаңыз.

Ж.Кеңесов: Қаламызда архив мекемесін құру әсіресе, сол уақытқа шейін көпшілікке белгісіз, картада атауы көрсетілмеген құпия қалалардың бірі – Приозерск қаласы үшін өте қажет мәселе болды. Себебі, Кеңес Одағы тарап, бұрынғы Ресей Федерациясының әскерлері өз Отандарына үдере көшіп, қаланың халі өте мүшкіл жағдайда қалды. Жабылған, таратылған мекемелердің құжаттары РФ ҚМ-не қарасты Мәскеу облысының Приозерск қаласындағы орталық архивке тапсырылды. Дегенмен, кейбір мекемелердің құжаттары, мысалы: мемлекетке қарасты дүкендердің, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің, халыққа қызмет көрсету үйлерінің, балабақшалар құжаттарының қайда тапсырылғаны туралы ешқандай дерек жоқ. Осындай мекемелерде жұмыс істеген азаматтар мен азаматшалар зейнет демалысына шығарда еңбек өтілі мен еңбекақысын растайтын анықтама алу барсында

қиыншылықтар туындады. Оған жұмыс барысында көзіміз жетті. Осындай шешімді басшылыққа алған ҚР Жезқазған облысы (ол кезде қала Жезқазған облысына қарайтын) Приозерск қалалық әкімшілігінің басшысы С.М.Медеубаевтың № 16/08 қаулысымен 1995-жылғы 8-тамызда жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылған Приозерск қалалық архиві құрылды. Архив директорына Ғ.И.Қалияқасов тағайындалды. Архив «ТҮҚҚ басқармасы» КМК үшінші қабатына орналасты.

Архивтің ашылуына қажетті құжаттарды дайындап, заңды тұлға ретінде тіркеуден өткеруге, басқа да ұйымдастыру жұмыстарына басшылық етіп, ақыл-кеңес берудің бірегейі – сол кездегі Жезқазған облыстық архивінің директоры Сағиндық Үсейінов Қожамсейітов болған. Ол кісінің ағалық қамқорлығын ұжым мүшелері әлі күнге дейін естерінде сақтап, ризашылықтарын білдіріп отырады. Ғ.Қалияқасовтан кейін Г.Әбділдина мен Жібек Наурызбаевалар архивте басшылық қызметте болып, архив жұмыстарын ұйымдастыруды жалғастырды. Архив жұмысын ұйымдастыруға үлкен үлес қосқан Ж.К. Кеңесова, Е.Дюсембаева, Ұ.Әбілова, Д.Джакияева, Р.Түсіпбекова, Л.Қошанова, Қ.Әбішева, А.Юлдашбаевалардың еңбектерін айта кеткен жөн.

Тілші: Мекеме директорығына Сіз қай уақыттан бастап келдіңіз және алда не күтіп тұрды?

Ж.Кеңесов: Мен бұл қызметке сол кездегі қала әкімі Б.Т.Мейрмановтың 1998-жылғы 6-қаңтардағы № 3р өкімімен тағайындалдым. Әлі де толыққанды аяғына тік тұрмаған мекеме жұмысын тиянақтау және ретке келтіру үшін мамандармен ақылдаса отырып іске бел шеше кірісуге тура келді. Мұнда жұмыс шашетектен еді. Ұлттық архив қорының жинақтау көзі – қала мекемелері мен кәсіпорындарының тізімін және жыл сайын архивке жоспар бойынша құжат өткізетін мекемелердің кестесін жасап, қала әкіміне бекітіріп алуды, жабылған, таратылған мекемелер мен ұжымдардың құжаттарының дер кезінде тапсырылуын қадағалап, тарау комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне семинар өткізіп, құжаттардың жоғалып кетпей, архивтің тұрақты сақтау қорына өткізілуі үшін ұжым болып аянбай жұмыс жасадық. Ол үшін қала әкімінің атына, қалалық прокуратура басшылығына бірнеше рет хат жолдауымызға тура келді. Міне осындай тынымсыз еңбектің арқасында бүгінгі таңда архив қоры 80-ге жетті., тізімдеме саны 136 және 22470 сақтау бірлігі бар. Архивтегі ең ескі құжат 1948-жылдардағы Приозерск қалалық сотының құжаттары. Ұлттық архив қорының жинақтау көзі – қала мекемелері мен кәсіпорындарында құжаттау, құжаттаманы басқару, істердің ведомстволық архивтерде сақталуын қадағалау, істердің жай-күйін бақылау мақсатында жылда тексеріс жүргізіліп отырады. Тексеріс Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, мемлекеттік архив жоспарына сәйкес жүргізіледі. Бұның өзі құжаттардың жоғалу фактілерінің болмауына, істерді «мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және

құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізуге қалыптасуға үлкен септігін тигізеді.

Тілші: Сонда сіздер құжаттар мен деректерді тек қана қала өміріне қатысты жағдайлармен толықтырып отырасыздар ма?

Ж.Кеңесов: Жок, әрине. Архив мамандары тек қана мекемелер мен кәсіпорындардың құжаттарын жинақтап қоймай, жеке тектік тұлғалардың қорын қалыптастыра білді. Бұл бағытта қаламыздағы Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерінің, ауған жерінде әскери қызметін өтеген интернационалист-жауынгерлердің, Чернобыль апат аймағында әскери борышын өтеген жауынгерлеріміздің, қаламыздың өркендеуіне өз үлестерін қосқан қаламыздың құрметті азаматтарының, қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушыларымыздың өмірлік жолдарын баяндайтын құжаттарын жинақтап, тізімдемелерін жасап, архив қорының молаюына өз үлестерін қосып жүр. Жеке тектік қор құжаттары ресми құжаттарда баяндалған тарихи деректерді нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Бүгінде жеке тектік қор құжаттарының өзі 419 сақтау бірлігіне жетті. Әрбір жеке тектік қор тұлғасының айтарлықтай еңбек жолдары мен кейінгі ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі бар. Оларға жеке-жеке тоқталып өту мүмкін емес, маңыздысы, біз сол тұлғалардың құжаттарын көздің қарашығындай сақтап, реті келгенде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мақалалар беріп, жастарға үлгі етіп отырамыз. Сондай-ақ мемлекеттік архив қорында 36 бейнеқұжаттар мен 144 фотоқұжаттар да сақталуда. Ол құжаттар да қала тарихынан сыр шертеді.

Тілші: Бұрын «ТҮҚҚБ» КМК мекемесінің үшінші қабатында орналасқан архив мекемесінің ол жерден көшуіне не себеп болды?

Ж.Кеңесов: Ғимараттың біз тұратын бөлігіндегі қабырғаға біраз жылдар бұрын жарық түскен болатын. 2009-жылға қарай бұл жарық үлкейіп, үшінші қабаттағы уақытша сақтау қоймасына дейін жетті. Бұл апатты жағдайды біз тиісті орындарға жеткізіп, дабыл қағуымызға тура келді. Қалада архивке берілетін дайын нысан болмағандықтан, қала әкімі мен архив басшылығы бұл мәселені облыстық басқарма мен әкімшілігіне дер кезінде қоя білдік. Нәтижесінде, Достық көшесі № 23-мекенжайда орналасқан жалпы алаңы 949,0 шаршы метрді құрайтын ғимаратты Қарағанды облысының коммуналдық меншігіне, «Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ балансына өткізу үшін сол кездегі қала әкімі Н.Бікіров 28.09.2010-жылы № 17/12 қаулы қабылдады. Бұдан әрі тиісті құжаттарды дайындау жұмысына кірісіп кеттік. Ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуге қаржы бөліруге облыстық басқарма басшысы Өмірзақ Амантайұлы Амантаев көп еңбек сіңірді. Бұл мәселені оңтайлы шешуде қала әкімі Қ.А.Камзиннің көмегі айтарлықтай болды. Сондай-ақ облыстық басқарма басшысы Е.М.Ағымбаевтың да мол көмегін айта кету керек. Күрделі жөндеу жұмыстары жедел және сапалы атқарылып, дер кезінде қатарға қосылған ғимаратқа көшіп алдық.

Мемлекеттік архивке 25 жыл



Тілші: Мерейтой қарсаңындағы атқарылып жатқан жұмыстарыңыз бен ұжымның көңіл-күйі қалай?

Ж.Кеңесов: «Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің ұжымы өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарап, ұлттық архив қорына келіп түскен әрбір құжатты сапалы сақтауға қатты көңіл бөледі, келешек ұрпаққа аман жеткізуді міндеті деп санайды. Архивке келіп түскен әлеуметтік-құқықтық сұраныстарға дер кезінде жауап беріп, архивке келген азаматтар мен азаматшаларға сыпайы қызмет көрсетіп, өтініштерін барынша қанағаттандыруға күш салады. Бүгінде халықтың таным-талғамы, өзінің өскен өлкесі туралы, өткенді білуге деген құштарлығы күн сайын артып келеді. Бұл жөнінде де сұрақтар туындаған жағдайда бас сұғатын мекмесі – осы архив. Архив қызметкерлері оларды қай кезде де жылы қабақпен қарсы алады және келушілер де оларға өздерінің ризашылықтарын білдіріп, алғысын айтып жатады. Қазақтың «еңбегіңнен береке тап» деген нақыл сөзі міне, осындайда айтылса керек.

Сөз соңында тағы бір маңызды мәселені айта кетейін. Ескі құжаттарды сапалы сақтап, келешекке жеткізу үшін «Электронды архивке» көшіру жұмыстары бүгінгі күн талабы. Бұл жағдайда архив басшысы облыстық бақарма басшысы Е.К.Жұмакеновке мәселені дер кезінде шешуге мұрындық болды. Соның нәтижесінде ағымдағы жылдың маусым айында құны 5832142 (бес миллион сегіз жүз отыз екі мың бір жүз қырық екі) теңгеге «Электронды архив» АЖ ақпараттық-кешендегі жабдығын сатып алып, архив қорындағы құжаттарды «электронды архивке» көшіру жұмыстарын архивтің бөлім басшысы Сабира Болатқызы Болатова бастап кетті. Бүгінгі таңда тынбай жасаған еңбектің арқасында 3230-дай құжат электронды архивке көшірілді.

Тілші: Міне, әне-міне дегенше ширек ғасырлық мерейтойларыңызға да жетіп қалдыңыздар. Мәнді де, маңызды сұқбатыңыз үшін рахмет! Сізді және ұжымыңызды мерейлі мерекемен құттықтаймын және еңбектеріңіз бен қалтқысыз қызметтеріңізде жетістік табыс, ұйымшылдық, ауызбіршілік тілеймін!

Сұқбатты жүргізген газеттің арнаулы тілшісі Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Индетпен күресушілерді қолдау

5 тамыз күні "Нұр Отан" партиясының қалалық филиалы, Жастар ресурстық орталығымен қалалық "ЖасОтан" ЖҚ ұйымдастыруымен Приозерск қаласының аумағында "Дәрігерлерге мың алғыс" акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты - COVID-19 индетімен күні-түні бетпе-бет арпалысып, жандарын шүберекке түйіп жүрген ақхалатты абзал жандарды қолдау болып табылады.

Акцияға "НұрОтан" партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Оспанова Қадияша Базарбаевна, қала әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлы, облыстық маслихат депутаты Тукбаева Айман Бекболатовна және партиямыздың бірнеше өкілдері қатысты! Акция аясында қаламыздың 18 медицина қызметкерлері Қадияша Оспанованың Алғыс хаты мен марапатталды!

Алғыс хатпен қоса, медицина қызмет-

"ДӘРІГЕРЛЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС" АКЦИЯСЫ



керлеріне "Алғыс пакеті" табысталды! Сонымен қатар, медицина қызметкерлеріне деген құрметін көрсету және қолдауын білдіру мақсатында қаламыздың жастары атынан оттегі баллондарын алу үшін 100 000 теңгені құрайтын қаржылай сертификат табысталды!

Көзге көрінбейтін жаумен арпалысып, майданның алғы шебінде жүрген ақхалатты абзалжандар! Осы сәтте дәрігерлерімізге біздің қолдауымыз қажет!

Құрметті медицина қызметкерлері! Сіздердің абыройларыңызбен мәртебелеріңіз арта берсін!

Сіздерге барша тұрғындардың атынан шексіз алғысымызды білдіреміз!!!

«Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ



...Өз тіліңді құрметте!

Ұлға отыз үйден тиым

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ МӘНГІЛІК ТІЛІ



Қазақ - тілі қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілін құрметтеу, оны білу- біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы.

«Ана тіліне салғырт қарау - өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау» - деген пікірді Бауыржан Момышұлы өткен ғасырда-ақ айтып кеткен. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын барған сайын кеңейтіп, оны шын мәнінде қоғамдық қарым-қатынас тілі ету бүгінгі күннің талабы екені баршамызға мәлім.

Ел мен Тіл – егіз ұғым. «Мәңгілік» сөзі бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгілік өлмейтін асыл қазынамыздың бірі – Ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, Мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын Мәңгілік тілі болуы шарт. Менің ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы таным кеңейеді. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуіміз керек. Қорыта келгенде, Абай әрлеген тіл, Жамбыл жырлаған тіл – қазақ тілі, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала бермек!

**М.М. Еримбетова,
«Еркетай» шағын орталығы
менгерушісінің м.а.**

БАЛАЛАР НЕГЕ БОҚТАНАДЫ?

«Қызға қырық үйден тиым болса, ұлға отыз үйден тиым» - деген қазақтың жақсы мәтелі бар. Құрметті оқырман, майда бала-лардың көшеде немесе ойын алаңдарында ешкімнің бақылаусыз үйден тыс жүргенде орысшалап бір-бірін боқтайтынын байқайсыздар ма? 5-7 жас шамасындағы кішкентайлардың орысшалап анадан сөгетіндерін бірнеше рет көріп қалып, ескерту жасағаным бар. Осы мәселені қаузап, көпшіліктің талқысына салу көптен бері ойымда жүрген болатын. Жақында газеттің техникалық редакторы Александр Струментов те қосымша түрткі болды. Екеуіміздің әңгіме-дүкеніміз осы тақырыпта өрбіген болатын. Олардың үйлерінің алдында жазда үлкен ойын алаңы, қыста коньки тебетін мұз айдыны бар. Сондықтан онда баратын балалардың қарасы қалың болатыны сөзсіз. Әртүрлі жастағы балалар осында жиналып, ойнай-тын жер болғандықтан, ол да кішкентай балалардың орысшалап анадан боқтайтынын, талай рет ұстап алып ескерту жасағаным айтып, осы мәселе бойынша мақала жазуымды өтінген еді. Сонымен...

Бес ауқымды үйдің ортасынан салынған, сырты тормен қапталған ойын алаңшасы мен одан әріректен салынған әткеншек – балалардың ең көп жиналатын орындары. Балалар арасында ерегіс болғанда орысшалап боқтау секілді жаман әдеттің барын бұрыннан да байқап жүретін мен оларды тағы да бірнеше күн байқап көрдім. 9-10-жас шамасындағы балаларда бұндай өрескел сөздер кездеспейтіні байқалады. Олар боқтанғаннан гөрі жұдырыққа жүгінетін секілді. Ал, алты мен сегіз жас арасындағы балалар бейәдеп сөздерді айтуға бейім секілді. Орысшалап анадан боқтауға басқан екі баланы өзіме шақырғанымен, қашып, ұстатпай кетті. Қай мектептің, қандай ата-ананың балалары екенін біле алмай қалдым. Бұл жайлы өзім танитын бастауыш сынып оқытушыларының бірнешеуіне айтып, мектепте де мұндай жәйттер болатыны не болмайтыны туралы сұрастырдым. Алайда олар мектепте бейнебақылау орнатылғандықтан, мектеп ішінде боқтық сөздер айтылмай-



тының сенімді түрде айтты. Мүмкін, солай да шығар?!

Біздің бұл жерде айтпағымыз – осындай боқтық сөздер айтуға бейім балалар қайдан шығады деген сауалға жауап іздеу. Осы мәселеге байланысты бір отырыста көпшіліктің ортасына да сауал тастап көрдім. Бірі: «ондай балалар әскери қызметтегі адамдардың балалары болуы мүмкін, себебі әскерилердің аузынан ылғи боқтық сөз шығады...», - деген уәжін айтты. Мүмкін! Жұрттың көбісі мұның бәрі ата-ананың тәрбиесіне тікелей қатысты екендігін алға тартты. Әрине, мектептен бұрын бала тәрбиесіне ата-ана тікелей жауапты екендігі даусыз. Кейбір ата-ананың екеуі де қызметте болып, балалары көп уақытын далада, көшеде, қатарластарының арасында өткізетіні жасырын емес. Кейде қызмет бабымен көшеде келе жатқанда ұсақ балалардың мектептен қайтып келе жатып, жолда ойнап отыратынын, үйлеріне асықпайтынын аңғарып қалып: «Балақай, неге үйіңе тезірек бармайсың, апаң алаңдап қалады ғой?», - деп сұрасаң: «Мамам жұмыста, үйге асықпаймын», - деп жауап қататыны бар. Балалар әлгіндей бейәдеп, боқтық сөздерді біреулерден есітіп, үйренетіні анық. Сондықтан әр ата-ана балаларын ойынға шыққанда сырттай бақылап көрсе, көздері жетер еді немесе басқа балалардың аузынан осындай сөздерді есітіп қалуы әбден мүмкін еді. Қорыта келе айтқанда, жас өскін балаларымыз бейпіл, бейәдеп сөздерден аулақ болып, дұрыс адам болып өссе деген тілек біздікі.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары! Сіздерге цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша курстың онлайн түрде өткізіліп жатқандығы туралы хабарлаймыз! Аталған курсқа төмендегі сайт арқылы тіркелесіздер. Тіркелу барысында барлық ақпараттарды қатесіз және шынайы түрде толтыруларыңызды сұраймыз.

Сайтқа кіру және курсқа өту бойынша нұсқаулық:

1. digitalkz.kz сайтына кіріңіз;
2. Жоғары жақтағы **ВИДЕОУРОКИ ПО ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ** тетігін басыңыз;
3. **Авторизация** бөліміне өтіп тіркеліңіз;
4. Тіркеуден өтіңіз (қалаған логин және құпиясөз);
5. Электрондық поштаңызды жазасыз;
6. **Атыңыз** деген жерге **Приозерск қаласы** деп жазыңыз;
7. **Тегіңіз** деген жерге толық аты-жөніңізді жазыңыз;
8. Телефон нөміріңізді жазып тіркелесіз;
9. **Қарағанды облысын** таңдаңыз;
10. **Тіркеліңіз.**

Приозерск қаласының білім бөлімі

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Уважаемые жители города Приозерск! Мы хотели сообщить Вам, что проводится онлайн-курс обучения по цифровой грамотности населения. Вы можете зарегистрироваться на этот курс через указанный веб-сайт ниже. Во время регистрации, пожалуйста, заполните всю информацию правильно и точно.

Инструкции по посещению сайта и прохождению курса:

1. Войдите в сайт digitalkz.kz
2. Наверху нажмите на кнопку **ВИДЕОУРОКИ ПО ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ**;
3. Перейдите в раздел **Авторизация**;
4. Зарегистрируйтесь (желаемый логин и пароль);
5. Введите свой адрес эл.почты;
6. В поле своего **Имени** напишите **город Приозерск**;
7. В поле **Фамилии** напишите свое полное **ФИО**;
8. Введите свой номер телефона;
9. Выберите регион **Қарағандық облыс**;
10. Нажмите на кнопку **Зарегистрироваться**.

Отдел образования города Приозерск

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Настоящим уведомляем, что согласно Постановления Правительства Республики Казахстан №19ДСП от 29 января 2020 года, осуществляется реорганизация республиканского государственного учреждения «Отдел военной полиции Приозерского гарнизона» Министерства обороны Республики Казахстан, в связи с передачей прав и обязательств в республиканское государственное учреждение «Отдел военной полиции Карагандинского гарнизона» Министерства обороны Республики Казахстан, путем присоединения к нему республиканского государственного учреждения «Отдел военной полиции Приозерского гарнизона» Министерства обороны Республики Казахстан. В последующем данный отдел именуется РГУ «Отдел военной полиции Карагандинского гарнизона» отделение военной полиции по обслуживанию Приозерского гарнизона» (филиал г.Приозерск).

**Ж. Жауденов,
Начальник Отдела военной полиции Приозерского гарнизона**

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 32/676. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме, Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.

Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан-шын асыл, тастай көрме.

Абай Құнанбайұлы

Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш бутик "Золушка", расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации "Сибирское здоровье". Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу. Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты "Приозерский вестник".

**Контактный телефон: 8-777-103-8589
Инстаграмм: [zolushka_kor](https://www.instagram.com/zolushka_kor)**



НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. – 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35